



4 870202 250024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ГАЗЕТ

№131 (2763)

18 шілде, 2015

СЕНБІ

А И Қ Ы Н

e-mail:
aikyn_nurmedia@mail.ru



www.facebook.com/aikyn.kz



www.twitter.com/aikyn_gazeti

АЛАШ АРДАҚТЫСЫ

ТАРИХ

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ШЫНДЫҚ

БИЫЛ БЕРІСІ ТУҒАН ХАЛҚЫНЫҢ, АРЫСЫ БҮКІЛ ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН РУХАНИ БОСТАНДЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСКЕН, ОСЫ АСҚАК МҰРАТ ҮШІН ҒҰМЫРЫН ДА ПИДА ЕТКЕН МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. МҰНЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ЕЛЕУЛІ МӘДЕНИ ОҚИҒА ЕКЕНІНЕ ДАУ ЖОҚ, БҰЛ ТУРАЛЫ ҮКІМЕТІМІЗ АРНАЙЫ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАҒАН ДА БОЛАТЫН.

Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы 20 жылдан астамын рахатынан қайғысы мен қасіреті мол болған жат жерде өткізгені белгілі. Бірақ ол өмірінің соңғы минутына шейін өзін де шетелге кетуге мәжбүр еткен кеңес өкіметімен күресіп өтті. Өзінің саяси қызметінің негізгі мақсаты етіп Орта Азия мен Қазақстандағы отаршыл саясат туралы әділ, объективті көзқарас қалыптастыруды алды. Дереккөздер етіп кеңестің жауапты қызметкерлерінің жазған мақалаларын, сөйлеген сөздерін, «Еңбекші қазақ», «Қызыл Өзбекстан», «Правда Востока», «Правда», т.б. бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған бұрынғы патшалық, кейінгі пролетарлық Ресейдің өзгіндігі отар елдердің объективті шындығын алды. Әрине, бұл шындық өз иелеріне жақпады. Сондықтан кеңестік насихат Мұстафа Шоқайға «сатқын», «опасыз», «контрреволюционер», «нағыз пантюркист» және «панисламист» деп толып жатқан аттар тақты.

Мұстафа Шоқайды белгілі мұстафатанушылар отандық кеңестану ғылымының негізін салушы деп атайды. Бұл жайдан-жай емес. Былтыр шыққан 12 томдық шығармаларының толық жинағындағы 1100-ден астам түрлі мәтіндер мен мақалалардың 200-ден астамы тек «Түркістан» атауымен тікелей байланысты еңбектерде өлкедегі кеңестік шындық барынша жан-жақты ашылды. Бұл проблемаларды елдегі басқа Алаш жетекшілері білмеді емес, білді. Алайда қатал цензура олардың ой-пікірін баспа бетіне жібермеді. Кейін Әлихан Бөкейхан бастаған Алаштың маңдайалды шынайы зиялылары айдалды, атылды. Ал Мұстафа Шоқай елден жеткен материалдарға кеңестанулық ғылым тұрғыдан талдау жасап, баға беріп, бұл бағытты жаңа интеллектуалдық көзқарасқа көтерді.

1925 жылдың 29 мамырында И.Сталиннің РКП(б) Қырғыз өлкелік комитетінің бюро мүшелеріне жолданған хатында: «Біз өкіметті, жастарды саяси және идеологиялық тәрбиелеуді буржуазиялық партияда жок интеллигенттерге табыстау үшін алғанымыз жок. Бұл шайқас толығымен коммунистердің пайдасына шешілуі қажет. Олай болмаған жағдайда Қырғызстанда (Қазақстанда — автор) шоқайшылардың жеңіске жетуі өбден мүмкін. Ал бұл Қырғызстандағы коммунизмнің идеологиялық және саяси күйреуімен теңбе-тең» деп жазуы тегіннен-тегін емес еді.

Өз кезіндегі Түркістандағы жағдайдың төркінін Мұстафа Шоқай патшалық Ресейдің отаршылдық саясатынан іздеді, оның басқа отаршылдық саясаттан айырмашылығын, қатгездігін де көре алды. «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» атты мақаласында ол былай делі: «Дүниежүзінде Түркістаннан басқа да көптеген елдер бар. Ол жерлерде де үстем ұлттың озбырлығынан жәбір шеккендер аз емес. Алайда дәл орыстың отаршылдық саясатындай сұмдықтарды тарих әлі көрген жоқ». Отарлық саясат екі мақсатта болып еді. Оның бірі — жергілікті халықтың материалдық және рухани өркендеуіне шек

қойып, оны азып-тозып, құрып бітуге дұшар ету; екіншісі — орыс мұжықтарын өлкеге көшіріп әкеліп, оны басымдыққа ие ете отырып, Түркістанды нағыз орыс Түркістанына айналдыру болатын.

Мұстафа Шоқай сондай-ақ кеңестік жүйенің тоталитарлық төртінші, кейін жеке басқа табынуға жалғасқан өкімшіл-өміршіл басқаруды жақсы таныды. Мейлі саяси партияның болсын, мейлі саяси қайраткердің жеке басшылығы болсын, ол ешуақытта жақсылыққа әкелмеген. Оны көрі тарих талай дәлелдеді. Осындай кеңестік жүйе ұлы державалық шовинизммен астасып, шет аймақтағы халықтардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін мойындамады, жергілікті мәселелерді көтергендерді «буржуазиялық ұлтшылдар» деп есептеді, қудаланды, түрмеге тықты, атты. Маркстік бітіспес таптық күресті негізге алған кеңестік саяси ілім қарапайым, әлеуметтік құрылымдары әлі айқындала қоймаған, қалыптаспаған Түркістан аймағының халқын да үстем-канаушы, төмен-канаушы, жаубай, дос-пролетариат, қызыл, ақ деп айырды. 1930 жылғы 8 қаңтарда Париждегі «France-Orient» комитетінің жиналысында жасаған «Түркістанның бүгінгі жағдайы туралы» атты баяндамасында М.Шоқай ұлы державалық шовинизммен ауырған кеңестік режимнің шет аймақтағы халықтар мен елдерді шектен тыс кемсітушілігіне кеңес басшыларының өздерінің кітаптарынан нақты мысалдар келтіреді. Ленин мен Сталиннің сеніміне енген Иван Тобол деген адам «марксистік көзқарас бойынша қырғыздар (қазақтар — Ә.Б.) экономикалық жағынан әлсіз, сондықтан олар жойылуға тиісті. Сол себепті революция үшін қаржыны ашытқымен күреске емес, майданға қолдауға жұмсау пайдалы» деп мәлімдеген. Мұны М.Шоқай РСФСР Кеңалкомының (Совнарком) төрағасының орынбасары Турар Рысқұловтың 1925 жылы Ташкентте шыққан «Революция және тұрақты халық» деген кітабынан алған.

Міне, мұндай мемлекеттік жүйеден не болса да құтуге болатын еді. Кешегі заманда халықты қан қақсатқан саяси қуғын-сүргін де кеңестік төртінші табиғатынан туындағанды. Сол себепті бұл тағылық большевиктер билік басына келгеннен көп ұзамай басталды. 1925 жылы жазылған «Түркістандағы саяси кісі өлтірушілік» деген мақалада соңғы кезде Түркістанда бірнеше адамның саяси себеппен өлтірілгендігі, ондай оқиғалардың ашық, адамдар көп жиналған жерде жасалатыны, алайда адам өлтірушілердің көбіне жазаланбайтыны, тіпті оларды іздестірудің бола бермейтіні туралы айтылған.

Мұстафа Шоқай 1930-жылдары жазған «Түркістандағы партияның тазартудың қорытындыларынан» атты мақаласында өлкеде бірнеше ай бойы партия қатарын тазарту жүріп жатқанын, өзір қорытындысы белгісіз болса да, жергілікті басшыларға қарағанда, қазірдің өзінде партиялық өктемдіктің бейнесін айқын тануға болатындығы, бірақ фактілер айтылғанмен себептер түсіндірілмейтінін жазды. Мысалы, Ташкентте тазартудың нәтижесінде 4



мындай партия мүшелерінің 23 пайызы қатардан шығарылған. Кейбір жерлерде партия қатары 60-тан 90 пайызға дейін тазартылған.

Мұстафа Шоқай Түркістандағы мерзімді басымдар материалдарына сүйене отырып жазған «Идеология майданындағы күрес» атты еңбекте өлкеде күн санап өсіп келе жатқан ұлттық идеологиядан большевиктердің қатты үрейлі екенін, оған қарсы бейбіт күреспен ештеңе шығара алмағандықтан кейін оны жоюдың барлық террорлық тәсілдерін — қорқыту, қамауға алу, қуғын-сүргінге салу, атып-асу сияқты түрлерін пайдаланып жатқандарын атап көрсетеді. Сонымен қатар Түркістандағы кеңес аппаратының барлық тармақтарында ұлы державалық шовинизм өмір сүріп отырғанына нақты мысалдар келтіреді.

Кеңестік замандағы саяси қуғын-сүргін 30-жылдардың аяғында шыңдалуына жетіп еді. Бұған мысал болатын «Түркістандағы саяси қырғын», «Саяси қырғынның» құрбандары» деген мақалаларда Түркістан газеттерінде 1937 жылғы қыркүйек айында жарияланған «халық жауларының» тізімін берді. Тек Қазақстан бойынша 31 адам осылай аталған. Бұлардың қатарында ОК төрағасы Ұзақбай Құлымбетов, халық ағарту министрі Темірбек Жүргенов, Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Ораз Жандосов, ақын-жазушылар Мұхтар Әуезов, Илия Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, т.б. бар. Бұлар ұлттық буржуазияның агенттері, жапон-герман фашизмінің шпиондары қатарына жатқызылды.

Кешегі Түркістан өлкесіндегі, бүгінгі соның бір бөлігі Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің материалдық-адами шығындары шексіз болғанына дау жоқ. Ең қиыны — ұлттық намысымыз езілді, ұлттық рухымыз жанышылды. Сөйте тұра, кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің бар табиғаты, бар зардаптары әлі жан-жақты ашылған жоқ. Біз сол кездегі шындықтың бетіндегі көбігін ғана әңгіме етіп жүрміз.

Мұстафа Шоқай Кеңес өкіметінің ұлттық мәселеге қатысты саясатының бетбейнесін, жергілікті халықтың ұлттық болмысына тәндріп отырған қауіп-қатерін жан-жақты көрсетті. Ол большевиктердің басқаруы қазақ халқын ұлттық сезімнен жұрдай етуге, мұндай сезімді оның көкірегінен біржолата сылып тастауға тырысып отыр деп ескертеді. Соның салдарынан

қазақ халқының этнос ретінде құрып кету қаупі туа бастап еді. Ол кешегі патшалық Ресейді бүгін кеңестік Ресей немесе пролетарлық Ресей деп атағанмен, біздің ұлттық мәдениетіміз тұрғысынан қарағанда, ештеңе өзгермегенін, большевиктер ата-мекеніміз Түркістанда ұлтымыздың өзіне тән рухани әлемін суалтып, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болып отырғанын ашына жазды. Реті келгенде мынандай бір демографиялық мысалды келтіре кетейік. 1897 жылы қазақ даласындағы 4,4 млн халықтың жалпы санындағы қазақтардың үлесі 81 % болса, 1926 ж. және 1939 жылдар арасындағы санақ арасында қазақтар 3627,6 мыңнан (58,5%) 2327 мың адамға (37,8%) дейін төмендеді.

Большевиктер билік басына келер алдында бүкіл Ресей мұсылмандарына және түркістандықтарға өз қалауы бойынша өздерін басқару деген сарында үгіт-насихат жүргізіп, үкіметтік мекемелерді жергілікті халыққа жақындату мәселесі «жергіліктендіру» деген атпен талай ұрандатылған болатын. Алайда олар Азамат соғысы аяқталғаннан кейін бұл ұстанымдарынан дереу бас тартып, өз үстемдігінің екінші дәуірін бастады. Сөйтіп, Мұстафа Шоқай сөзімен айтқанда, «қызыл сөздерге боялған» уәделер іс жүзінде «орыстың ұлттық рухына негізделген пролетариат диктатурасынан басқа ештеңе де болмай шықты...». Мұндай екіжүзділік кеңестік саясатқа тән болатын. Мұның үстіне, кейін большевик қайраткерлер басқару ісіндегі «жергіліктендіру» міндетті түрде жергілікті халық өкілдерін қатыстыру деген емес екенін түсіндірумен болды. 1930 жылы жазылған «Түркістандағы жергіліктендіру қандай мазмұндарды қамтиды?» атты мақалада Мұстафа Шоқай Ресей Компартиясы Орта Азия Бюросының бастығы Зеленскийдің «жергіліктендіруге» қатысты мынандай сөзін келтіреді: «Жергіліктендіру» дегеніміз — өкімет аппараттарының жергілікті халыққа жақындауы. Мұндай жақындауға жергілікті халықтың тілін үйрену арқылы орыстар да қол жеткізе алады. Сол кездегі саяси жағдайдың қиын болғандығы соншалықты, жергілікті халықтың 94 пайызы болғанына қарамастан, Түркістанның мемлекеттік істеріне жергілікті адам тарту жөніндегі ойларды еске алудың өзі «көріктен-көріктілік» деп жарияланатын.

Мұстафа Шоқай большевиктік жүйеге адам құқығы, демократия мен ұлт бостандығы секілді жалпыадамзаттық асыл құндылықтардың жат екендігі жөнінде бұлтартпас қорытындылар жасап, әлем жұртшылығына түрік халықтарының тәуелсіздігі үшін күресінің заңдылығын, әділеттігін ұғындыру үшін барын салды. 1931 жылы жазылған «Ақ - Қызыл» атты мақалада большевиктердің әлеуметтік әділеттілік пен теңдікті, бостандық пен азаттықты ту етіп көтерген социализмі сыңға алынады. Мұстафа Шоқай социализм — экономикалық теория ғана емес, ұлттық та теория дей отырып, барлық ұлттардың құқықтық теңдігі қамтамасыз етілмейінше, нағыз социализм туралы сөз болуы мүмкін емес деп кесіп айтады. Бұдан әрі «орыс әдебиеті мен рухани мәдениетіне қатысты дүниелердің барлығы Пушкин, Тургенев, Толстойсыз оқытылмайды. Олардың жасаған әдебиеттерінің іші де, сырты да ұлттық болып табылады. Ал біздің халқымыз өзінің Байтұрсыны мен Шолпандарын Мәскеудің «түрі ұлттық, маз-

мұны пролетарлық» тұжырымдамасымен келіспегені үшін оқи алмайды. Асылында, халықтың рухани дүниесі біртұтас нәрсе. Оны «мазмұнға» және «формаға» бөлуге болмайды. Кез келген рух пен әдебиет өзінің мазмұнымен айқындалады. Большевиктер социализмді желеу етіп, қазақты тілінен, дінінен, ділінен айыру үшін барын салуды көздеп отыр деген түйін жасайды.

Ал большевиктер билеген Қазақстандағы ана тіліміздің жағдайы қандай болды? Біріншіден, 1937 жылы қабылданған Қаз КСР-інің Конституциясында қазақ тіліне қатысты еш құқықтық норма болмады. Екіншіден, 1938 жылғы 13 наурызда СССР Халық комиссарлар кеңесі мен БКП(б) Орталық комитеті «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті оқыту туралы» қаулы қабылдады да, өз елінде азшылық болып қалған біздің республика халқы үшін зор қиыншылықтарға жол ашылды. Мәскеу кеше ғана шынайы зиялы қауымының алдығы өкілдері қырылып-жойылған қазақ халқының бұл саясатты жалаулатып алып кететініне сенді. Шынында да солай болып шықты. Саясатшыл белсенділер алға шығып, орыс тілін үстемдігін орнатуға білек түре кірісті. 1938-1939 оқу жылынан орыс тілі екінші-үшінші сыныптан бастап оқытылды. Осыменен бастауыш класс 5 жылдық болсын, оның алғашқы үш жылында ұл-қыздарымыз өз ана тілінде еркін оқып, жаза және сөйлей алатын, сонан соң 4 кластан орыс тілін оқытайық деген баланың жас ерекшеліктерін жете білетін тамаша педагог әрі психолог Ахмет Байтұрсынұлының өсиеті келмесе кетті.

Мұстафа Шоқай Кеңес өкіметінің 30-жылдардан кейінгі мемлекетті басқару бағытындағы өзгерістерге көп көңіл бөлген. Ол «Табыс мерекелері», «Ресейдегі жағдай және біздің міндеттеріміз» және т.б. мақалаларында Сталиннің жеке басына табынушылықтың болашағын көрегендікпен болжай білді. Өздеріне қолайлы жағдай үйренген жоғары элита Сталинді барынша дөрілтеп, оны төңірге айналдырғанын, кеңестік бұқаралық ақпарат құралдарында бар нәрсені тек соның атымен байланыстыру науқанының басталғанын жақсы байқады. Бұл, әсіресе, кеше ғана Қазан революциясында қан төгіп, жаңа үкіметтің басы-қасында болған, бейбіт кезде алғы шепте жүрген, бірақ Сталиннің жеке диктатурасымен келіспеген Зиновьев, Камельев, Бухарин және т.б. толып жатқан партия басшыларына «сатқын», «фашист агенттері» деген ауыр айыптар тағылып, көбісі атылғаннан кейін күшейе түскен болатын. Бұл үдеріс сондай-ақ «сталиндік» деп аталған Конституцияның қабылдануына байланысты жаңа қарқын алғанды. Ал қарсыластарын жойып, манайын тазалап алған Сталин өзінің жеке билігін Ұлы Отан соғысындағы жеңістен соң өбден нығайтқаны мәлім. Содан жұмысшы табының диктатурасы Коммунистік партияның Саяси Бюросының, шындығында оның Бас хатшысының жеке диктатурасына айналды. Кейін жеке басқа табынумен күрескендер де өздерінің жеке билігін ауыздықтай алмап еді. Оларды да жоғары билік мансабы құл еткенді. Партия жүйесінде реформа болмады. Осының бәрінің ақыры Кеңес Одағын құлатып тынды. Сөйтіп, көрі тарих талай күе болған шексіз жеке биліктің ешуақытта да жақсылыққа апармайтыны туралы шындық тағы да расталды.

Мұстафа Шоқай «Бір ұлттың рухани,

экономикалық мүдделері екінші бір күшті ұлттың мүдделеріне құрбан етілуі отаршылдық болып табылады» деген Ленин мен Сталиннің дүниежүзіне кеңінен мәлім теориясын негізге алып, бұған толып жатқан мысалдар келтіреді. «Қызыл отар» деген мақаласында Мұстафа Шоқай Кеңестер Одағы деген атау туралы ұсыныс енгізген көрнекті коммунист Затонскийдің «Біз айналымыздағы өлкелердің есебінен Орталықты нығайтқанымыз дұрыс болар еді. Егер Орталықты күшейту үшін төңірегіміздегі өлкелерді тонау қажет болса, біз оған да барған болар едік» деген сөзін мысалға келтіріп, Түркістанда большевиктердің «ұлттық саясатының» сиқы, міне, осындай деген қорытынды жасайды. Осы фактілердің өзі-ақ, бір жағынан, Түркістандағы большевиктердің орыс патшалығының ұлы державалық рухының мұрагерлері екенін, екінші жағынан, Кеңес өкіметінің сол кездегі ұлттық саясатының сипатын жеткілікті танытады. Тіпті 1950 жылдары Қазақстандағы тын және тынайған жерлерді игеру деген желеумен қазақ еліне тағы да миллиондаған ресейлік қоныстанушылар келгендігі, соның салдарынан сан ғасыр жердің, елдің өсінісін соншалықты азшылыққа айналуды да кеңестік саясаттың патшалық Ресейдің отаршылдығынан ұзай қоймағанының айқын көрінісі болатын. Ал Қазақстанның солтүстік бес облысын Ресейге қосқысы келіп жанталасқан кеңес көсемі Хрущевтың саясатын немен түсіндіруге болады?

Кеңес үкіметі мен коммунистік партияның алғашқы кезден бастап күндіз-түні талмай насихаттаған тақырыбы пролетариаттабының диктатурасы еді. Ал Мұстафа Шоқай өз мақалаларында Түркістанның байырғы халықтарының Қазан төңкерісіне ешқандай қатысы болмағандығын айтып, пролетариат диктатурасы шын мәнінде орыс диктатурасы болып отыр деген қорытындыға қайта-қайта жүгінді. Жергілікті газеттердің материалдарына сүйеніп 1935 жылы жазылған «Атамекен жағдайы» атты мақалада Түркістанда жүргізіліп жатқан ашық террор, Кеңес өкіметінің халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы, азапқа салуы, ашыққа дұшар етуі мен жүздеген мыңдаған жазықсыз жандардың атып өлтірілуі туралы айтылады. Ең сорақысы — партиядан шығарылғандардың, қамауға алынғандардың, жер аударылғандар және өлім жазасына кесілгендердің бар кінәсі олардың бағында өліп қалған атасының бай, саудагер, ғұлама, яғни кезінде іс-басында болғандары немесе айыпталушының көне медреселерде оқығандығы болды.

Кеңестік идеологияның шет аймақтардағы ұлт жетекшілерімен күресте кеңінен қолданған саясатының бір негізі «ұлтшылдық» ұғымында жатқан болатын. Мұстафа Шоқай Түркістанда ұлттық өкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізінде құрылған ұлтшылдық идеясына түсініктеме бере келіп, былай дейді: «Ол (ұлтшылдық — автор) — халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді». Осы «ұлтшылдықты» дұрыс түсінбеу, оны ұлттық астамшылықты танытатын «шовинизммен» шатастыру бүгін де жалғасып, ұлттық рухымызды көтеруге белгілі түрде кедергі келтіріп келеді. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы — ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деген сөзін айта кетсек артық болмас. Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлттыңды шынайы тануға, өз халқының алдындағы өз борышынды жоғары сезіне түсуге көмектеседі.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдарының докторы,
Қазақ гуманитарлық заң
университетінің профессоры